Дұрыс жалғанбаған плита сенімді және қауіпсіз жұмысты қамтамасыз етпейді және жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін, сонымен қатар Сізді. кепілдікті қызмет көрсету мүмкіндігінен айырады.

■ Физикалық, жүйкелік немесе психикалық ауытқулары немесе тәжірибе немесе білімдер жетіспеушілігі бар адамдарға (балаларды қоса) қатысты олардың қауіпсіздігі үшін жауап беретін тұлғамен бақылау жүзеге асырылатын немесе осы аспапты пайдалануға қатысты оларға нұсқама берілетін жағдайларды қоспағанда, осы аспап осындай адамдармен пайдалануға арналмаған. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында олар үнемі қадағалау керек.

■ Құрылғы сыртқы таймерден немесе жеке қашықтан басқару жүйесінен жұмыс істеуге арналған.

■ Плиталарды пайдаланатын тұлғалар тұрмыстық газ плиталарын қауіпсіз пайдалану ережелерін білуге және осы нұсқаулықты мұқият меңгеруге міндетті.

■ Плита тек үй жағдайларында пайдалануға арналған.

■ Егер электрлік желі сипаттамалары плитаның артқы жағында орналасқан фирмалық тақтайшада көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келмесе, плитаны пайдалануға тыйым салынады.

! **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Плиталар үлгілері электр тоғына ұшырауға қарсы қорғаныстың I санаты бойынша жасалған және жерге тұйықталған розеткаға жалғану керек.

2. ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

! **Өрттің туындауының алдын алу үшін қатаң ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

- Ақаулы плитаны пайдалануға.

- Плитаны өрт қаупінің төуекелі жоғары жерлерде орнатуға (ағаш, тұсқағазбен, жанатын пластикпен қапталған және т.б. беттерге жақын).

- Жұмыс жасап жатқан плитаны қараусыз қалдыруға.

- Плитаны бөлме жылыту үшін пайдалануға.

- Плита үстінде киім кептіруге.

- Плита жанында және шаруашылық бөлімінде жеңіл тұтанғыш заттарды (жанатын заттар, аэрозольдар, қағаз, шүберек және т.б.) сақтауға.

- Балаларды жұмыс жасап жатқан плитаға жақындатуға.

! **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Пайдалану кезінде қол жетімді бөліктер қатты қызуы мүмкін. Балаларды жақындатпаңыз.

■ Жуу немесе қызмет көрсету бойынша басқа операцияларды жүргізу алдында плитаны электр желісінен сөндіру керек.

■ Жүйелі түрде (кем дегенде жарты жылда бір рет) қоректену сымының жағдайын тексеріңіз. Қоректену сымы зақымдалған жағдайда қауіптің алдын алу үшін оны өндіруші немесе оның агенті, немесе аналогты білікті тұлға ауыстыру керек.

■ Өрт туындаған жағдайда плитаны электр желісінен сөндіру керек, **01** телефоны бойынша өрт қызметін шақыртып, от сөндіру бойынша шаралар қабылдау керек.

- Егер плита жанында желіге қосылған тұрмыстық электрлік жабдықтар (электрлік шақпақтар, тостерлер, кофе ұнтақтағыштар және т.б.) орналасса, олардың сымдарының плитаның ыстық есігімен қысылып қалмайтындығын немесе ыстық электрлік темірпешке түспейтіндігін қадағалаңыз.
- Кернеу беріліп тұрған электрлік бұйымдарды сумен сөндіруге қатаң тыйым салынады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Плитамен байланысты, барынша кең тараған жазатайым жағдайлар күйік шалу болып табылады:

- Абай болыңыз және, әсіресе, өз балаларыңызды мұқият қадағалаңыз, тіпті плита жұмыс жасағанда немесе салқындағанша, аларды асуіге кіргізбеңіз.
- Қыздырығыш элементтер жұмыс жасаған кезде үстелдің және қыздыру шкафының беттері, сонымен қатар есік шынысы және беттік тақтаның кейбір бөліктері қатты қызады және сөнгеннен кейін ұзақ уақыт жылу сақтайды. Абай болыңыз, оларға жанаспаңыз және, әсіресе, балаларды ескертіңіз – күйік шалғы мүмкін.

Айрықша сақтықты майдың көп мөлшері қолданылатын тағамдарды әзірлеу кезінде танытыңыз, себебі олар жеңіл тұтанады.

- Пайдалану кезінде аспап қатты қызады. Қыздыру шкафының ішіндегі қыздырғыш элементтерге жанасудан сақтаныңыз.

- ! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Плита орнатылған соң конфорканың бетінен ақпараттық затбелгіні алып тастаңыз. Конфорканы оның үстінде затбелгі болған кезде қосуға тыйым салынады.
- Егер затбелгі алынған соң конфоркада желімді қабат қалса, онда оны жою үшін ЕМ плиталарында конфорканы максималды қуатта ыдыссыз 5 минут ішінде қыздырып, бөлме температурасына дейін суыту қажет. Жанып кеткен желімнің қалдықтарын майлықпен алып тастау керек. ЕС типті плиталар үшін шыны керамикалық беттен желімді қабатты уайт-спириттың көмегімен жойыңыз.
- ! Плитаны электр желісіне алғаш қосқан кезде термореттегіш индикациясының сигналдық шамы жарқырауы мүмкін. Кейін қыздыру шкафын пайдаланған кезде сигналдық шамның жарқырауы тоқтайды.**

4. ЖАЛҒАУ

- Плита тек электрлік плиталарды орнатуға және қызмет көрсетуге құқылы мамандандырылған ұйымдар қызметкерлерімен жалғану керек.
- Плитаны жалғау кезінде электрлік желі сипаттамаларының плитаның фирмалық тақтайшасында көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетіндігіне көз жеткізу керек.
- Сақтандырғыштардың немесе автоматты ажыратқыштардың және сымдардың олар қамитын жүктемеге, және жаңадан орнатылатын плита тұтынатын жүктемеге төзетіндігін тексеру керек.
- Плитаның электрлік қауіпсіздігіне тек қауіпсіздік бойынша әрекетті стандарттарға сәйкес орындалған тиімді жерге тұйықталу болған кезде кепілдік беріледі.

- ! ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!** Жалғастырғыштарды, қосарланған немесе одан көп тармақталған розеткаларды, ұзартқыштарды пайдалану ұсынылмайды.


- ! ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!** Плитаны орнына орнатқаннан кейін міндетті түрде қоректену сымының орналасуын тексеріңіз. Ол плитаның қыздырғыш бөліктері жанында орналаспау керек. Плита жұмыс жасаған кезде қыздыру шкафының артқы қабырғасы қатты қызады, сондықтан қоректену сымын қызу аймағынан тыс орналастырыңыз.

- ! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Плитаны орнатқаннан кейін Сіз қыздыру шкафының шынысынан сәндік және ақпараттық жапсырмаларды тазарта аласыз. Осы мақсатта бос қыздыру шкафын 30 минут ішінде қыздырыңыз және, жапсырма бұрышын іліп алып, оны алып тастаңыз, қалған желімдік қабатты уайт-спирит көмегімен тазартыңыз.

4.1. ҚОРЕКТЕНУ СЫМЫН ЖАЛҒАУ

- Плита номиналды кернеуі 230 В және жиілігі 50 Гц болатын бір фазалы айнымалы тоқтың электр желісіне жалғанады. Розетка қол жетімділігі жеңіл жерде орналасу керек. Жұмыс орнына жеткізілген плита оны жаппау керек.

5. ҚҰРЫЛЫС



6. СТИЛЬ

■ Плитаның сыртқы түрі, көрініс бөлшектерінің пішіндері, басқару тұтқаларының, есік тұтқаларының пішіндері, басқару тақтасының суреттері, есік шынылары латын әріптерімен белгіленетін плита стилімен айқындалады және фирмалық тақтайшада, кепілдік міндеттемелерінде көрсетіледі.

7. ТОЛЫМДЫЛЫҚ

Т/т №	Құрамдас бөліктер атауы	Саны	Плита үлгілері
1.	Электрлі плита	1	Барлық плита үлгілері
2.	Қыздыру шкафының торы	1	
3.	Майды жинауға арналған теген	1	
5.	Пайдалану бойынша нұсқаулық	1	
6.	Кепілдік міндеттемелері	1	
7.	Қаптама	1	
8.	Кронштейн - бекіткіш	1	
9.	4,2х9,5 бұранда	1	
10.	Реттелетін тіреуіштер жинағы: - тіреуіш - қарсысомын	4 4	5404
11.	Духовка есігінің тіреуіші	2	5404

8. СИПАТТАМАЛАР

8.1. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР


Климаттық орындалуы МЕСТ15150-69 және МЕСТ15543.1-89 бойынша УХЛ4.

- Үстел темірпештерінің саны, дана.....2
- Электр конфоркасының қуаттылығы Ø 145, Вт1000
- Қыздыру шкафының көлемі, л.....45
- Жоғарғы ҚЭЖ қуаттылығы, Вт800
- Төменгі ҚЭЖ қуаттылығы, Вт1200
- Электрлік желі кернеуі, В230
- Қорғаныс санаты..... I
- Плитаның белгіленген қуаты, Вт.....4000
- Плитаның бір уақытта тұтынатын қуаты, Вт.....3000
- Энергиялық тиімділік санаты А
- Өлшемдері (ені х тереңдігі х биіктігі), см.....50,2х41х85
- Салмағы, кг, аспайды.....32
- Қыздырушкафының торында орналастырылатын өнімдердің жиынтық салмағы, аспайды, кг.....3
- Бір электрлік темірпешке орнатылатын ыдысқа салынған өнімдер салмағы, аспайды, кг.....10

9. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

■ Осы нұсқаулықта барлық функцияларды және жайлылық элементтерінің сипаттамасы беріледі, олар плитаның басқару панелінде көрсетілуі мүмкін (3 сур.). Сіздің плита үшін жайлылық элементтерінің тізбесі осы нұсқаулық қаптамасындағы кестеде көрсетілген.


- 1. Терморегтешті басқару тұтқасы.
- 2. Қыздыру шкафының жұмыс режимдерінің ауыстырып қосқышының басқару тұтқасы.
- 3. Қуыру шкафының қыздырғышының белгі шамы.
- 4. Үстел жанарғысының шүмегін басқару тұтқасы.



10. ҮСТЕЛДІҢ ЭЛЕКТРЛІК ТЕМІРПЕШТЕРІ

10.1. ЭЛЕКТРЛІК ТЕМІРПЕШТІҢ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Үстелдің электрлік темірпештері қуатының ауыстырып қосқышы

Жайғасымдар белгіленген басқару тұтқасы	Тұтқа жайғасымы	Электрлік темірпештің жұмыс режимі	Жылулық өңдеу бойынша ұсыныстар
	0	Сөндірілуі	-
	1-2	Температураны ұстау	Дайын тағамдар
	2-3	Баяу режимде өңдеу және жылыту	Көкөністік рагу, ботқалар, желе
	4	Орташа режимде өңдеу, әлсіз режимде қайнату	Макарон өнімдері, пісірілген картоп, сорпалар, тосап
	5	Белсенді режимде өңдеу	Эскалоптар, шабылған котлеттер, сорпалар, қуырылған картоп
	6	Қуатты режимде өңдеу. Сұйықтықты қайнайтын күйге жеткізу	Қой етінің котлеттері, қуырылған ет, уыздық, лангет, сүт қайнату

■ Электрлік темірпештерді қосу үшін ауыстырып қосқыш тұтқасын кез келген жаққа айналдырып, талап етілетін режимге сәйкес келетін жайғасымға орнату керек. Осы кезде қызыл сигналдық шам жанады.

■ Электрлік темірпештердің сөндірілуі ауыстырып қосқыштар тұтқасын «0» жайғасымына орнату арқылы жүргізіледі.

■ Тағамның өзiрленуiн бiрден максималды қуаттан «6» жайғасымынан бастау ұсынылады.

■ Қайнағаннан кейiн, немесе сәл ертерек, электрлік темірпештерді минималды қуатқа «1-2» жайғасымына немесе орташа қуатқа «3-4» жайғасымына ауыстыру керек.

■ Тағамның өзiрленуi аяқталғанша 5-10 минут бұрын ауыстырып қосқышты «0» жайғасымына орнату керек. Қыздырылған электрлік темірпеш жылуы тағамды соңына дейiн пісіру үшiн жеткілікті болады, ал Сіз осы кезде электр энергиясын айтарлықтай үнемдейсіз.

! **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Ыстық темірпештің кенет салқындауына жол бермеңіз. Оған төгілген салқын сұйықтықтан ол шытынап, істен шығуы мүмкін.

! **ЕСКЕРТПЕ!** Үстелдің темірпешінің жиектерінің күңгірттенуі өндірістік жарамсыздық болып табылмайды және плита жұмысына әсер етпейді.

■ Электрлік темірпештің тоттанбауы үшін, оған түбі дымқыл кәстрөлдер қоймаңыз және әркез үстелді жуғаннан кейін оны құрғатып сүртіңіз. Егер плита жұмысында үлкен үзіліс болса, электрлік темірпешті бірнеше тамшы есімдік майға малынған қағаз майлықпен сүртіңіз.

11. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫ

■ Плиталар қыздыру шкафы төменгі және жоғарғы қыздырғыштармен жабдықталған.

■ Қыздыру шкафы келесі керек-жарақтармен жабдықталуы мүмкін (7 б. қар.):

Майды жинауға арналған (эмальдан жасалған) төгөн ет тағамдарын дайындау кезінде шығатын сөл мен майды жинау үшін қызмет етеді.

Қыздыру шкафының **торы** әр түрлі деңгейлерде табаны, түпқойманы және пісіруге арналған басқа қалыптарды орнатуға арналған сөре ретінде қолданылады.

! **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Қыздыру шкафының негізгі (төменгі) қыздырғышы қосулы болғанда қыздыру шкафының түбінде әр түрлі асүй ыдысын, табаны немесе түпқойманы қалдырмаңыз. Бұл қыздыру шкафының эмаль жабынының жарылуына (ыдырауына) және оны тазалау кезіндегі ықтимал жарақаттарға алып келуі мүмкін.

11.1. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫН БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОРНАТУ:

■ Қыздыру шкафын басқару қыздыру шкафының ТЭҚ қосатын және сөндіретін режимдер ауыстырып қосқышымен жүзеге асырылады.

■ Қыздыру шкафында жұмыс температурасының орнатылуы қажетті температураны ұстап тұратын термореттегішті қолданумен қамтамасыз етіледі. Температура шамалары басқару

панелінде көрсетілген. Басқару панелінде көрсетілген температуралар жуық шамалар болып табылады және $\pm 15^{\circ}\text{C}$ шектерінде өзгеріп отыруы мүмкін.

11.2. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫНЫҢ ҰҚТИМАЛ ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕР

Режимдердің белгіленуі	Режимдер	Жылулық өңдеу бойынша ұсыныстар
	Төменгі ТЭҚ режимі	Жемістермен, ірімшікпен жабылған пісірме, дайын тағамдарды жылыту
	Алдын ала қыздыру	Еріту, қызарту
	Қарапайым режим	Дәстүрлі қуыру, пісірме
	«Жұмсақ» үнемді режим	Өнімдерді еріту, саңырауқұлақтарды және жидектерді кептіру

Қыздыру шкафы жұмысқа келесі реттілікте қосылады:

- Ауыстырып қосқыш тұтқасын (4 сур.) кез келген жаққа бұрап және оны қажетті таңбаға орнатып, тұтқамен Сізге қажетті қыздыру шкафының жұмыс режимін орнату. Осы кезде қызыл сигналдық шам жанады, бұл қыздыру шкафының жұмысқа дайын екендігін білдіреді, бірақ қыздырғыштар осы кезде жұмыс жасамайды
- Қыздырғыш элементтерді қосу үшін термореттегіш тұтқасын сағат тілі бойынша бұрап, таңдалған температуралық режимді орнату керек
- Белгіленген температураға жеткен кезде термореттегіш қыздырғыш элементтерді және істік жетегін сөндіреді. Осындай режим қыздыру шкафындағы температура белгіленген шекке дейін төмендегенше сақталады. Осыдан кейін термореттегіш автоматты түрде қыздырғыш элементтерді қосады және қайта қыздыру шкафын белгіленген температураға дейін қыздырады.
- Қыздыру шкафын сөндіру үшін термореттегіш тұтқасын, сағат тіліне қарсы бұрап, «0» жайғасымына орнату, осы кезде сары сигналдық шам сөнеді. Жұмыс режимін таңдау тұтқасын да, кез келген жаққа бұрап, «0» жайғасымына орнату керек.



4 сур.

- ! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тағамды қыздырылған қыздыру шкафына салған және шығарған кезде, қыздырғыштармен (ТЭҚ) жанасуға жол бермеу үшін абай болыңыз.**
- ! Қыздырылған электрлік шкаф есігін басқару тұтқаларының шамадан тыс қызуының алдын алу үшін 3 минуттан астам ашық күйінде қалдырмаған жөн.**
- ! Істікте немесе торда тағам әзірлеген кезде тор немесе істік астына шырынның және майдың ағуы үшін түпқойма орнату керек.**
- ! Төменгі қыздырғышты қосқан кезде қыздыру шкафының түбіне ыдыс орнатуға және алюминий жұқалтырды қоюға тыйым салынады. Бұл қыздыру шкафының ішінде температураның үйлестірілуінің бұзылуы нәтижесінде эмаль жабынының зақымдануына және тағамның күйіп қалуына алып келуі мүмкін.**


12. ҰСЫНЫСТАР

Пісіру, пісіру, рецепт бойынша өгжей-тегжейлі кеңестер www.darina.su сайтында берілген.

12.1. ҮСТЕЛДІҢ ЭЛЕКТРЛІК ТЕМІРПЕШТЕРІН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

- ! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Жылу шығындарын қысқарту үшін ыдыс өлшемдері электрлік темірпештер диаметрімен сәйкес келуі керек (5 сур.).**
- Түбі тегіс ыдысты пайдаланыңыз – бұл электр энергиясын айтарлықтай үнемдейді. Қақпағы бар ыдысты пайдаланыңыз – бұл әзірлеу уақытын айтарлықтай қысқартады.**

■ Электрлік ысытқышты алғаш пайдаланбас бұрын, ыдыс-аяқты 60 минутқа орнатпай, электрлік ысыту табақшасын жылыту керек. сақтауға арналған материалдарды алып тастау және қыздыру элементтерінен ылғалдың булануы үшін, ең алдымен, электрлік жылытқышты минималды қуатқа орнатқанда, оны сақтау және тасымалдау кезінде жинақталған болуы мүмкін. Бұл жағдайда, бөлме олардың күйіп кеткенін сезінуі мүмкін. Терезені ашып, бөлмені желдетіңіз.



- Электрлік темірпештің жабынына жұмыс қасиеттерін беру үшін алғаш қосқан кезде темірпешті ыдыссыз максималды қуатта 5 минут бойы қыздырып, бөлме температурасына дейін салқындатыңыз.
- Сұйықтықты қайнау күйіне жеткізіп, қақпақты алып тастауға немесе жылжытуға мәжбүрлемейтін минималды режимді орнатыңыз. Түбі қалың ыдысты пайдалануды ұсынамыз.

12.2. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

- Алғаш пайдалану алдында келесі тармақтарды орындау керек:
 - қыздыру шкафын және керек-жарақтардың барлық жинағын (таба, түпқойма және тор) жылы сабынды ерітіндімен жуу керек, кейін таза күйге дейін сүртіп, кептіру керек.
 - консервациялық материалдарды тазарту үшін және бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде жиналуы мүмкін ылғалды қыздырғыш элементтерден буландыру үшін, қыздырғыштар толық қуатпен жұмыс жасаған кезде, бос қыздыру шкафын 30 минут бойы жылыту керек. Осы кезде бөлмеде олардың жануынан иіс пайда болуы мүмкін. Желкөзді ашып, бөлмені желдетіңіз.
- Өзірлеу барысында табаның тордың ортасында орнатылғандығын, артқы немесе бүйірлік қабырғаларға тірелмейтіндігін қадағалаңыз. Қыздыру шкафынан барлық артық заттарды (табалар, кәстрөлдер, пісіруге арналған қалыптар және т.б.) алып тастаңыз. Осы ереженің сақталмауы жылу ағындары айналымының бұзылуына алып келуі және пісірмені бүлдіруі мүмкін.
- Егер рецептіде айрықша нұсқаулар болмаса, онда әзірленетін тағам қыздыру шкафына орнатылғанға дейін оны пісіру температурасында 10 минут бойы жылыту керек.
- Өдетте қыздыру шкафында пісіру үшін (180...220)°C шектеріндегі температура пайдаланылады.

13. ПЛИТАҒА КҮТІМ ЖАСАУ

! ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! Жуу алдында, плитаны міндетті түрде электр желісінен сөндіріңіз.

13.1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР:

- Плитаны таза күйінде сақтаңыз. Бұл тағамды дәмді қылып, әзірлеу үрдісі Сізге ләззат сыйлайды, ал плита ұзақ уақыт қызмет етеді.
- Бумен тазалауды пайдалануға болмайды.
- Тазарту кезінде келесі құралдарды пайдалануға болмайды:**
 - Абразивті материалдар (қатты ұсақ кеуекті заттектер).
 - Плита бетін қайтарымсыз зақымдауы мүмкін, құм, сода, қышқыл және басқа агрессивтік компоненттер құрамына кіретін тазартқыш құралдар.
 - Дақтарды кетіру үшін қатты ысқыштар, металл жөкелер немесе пышақ және басқа қатты заттар.
- Тазарту үшін келесі құралдарды пайдалануды ұсынамыз:**
 - Жұмсақ мата, микрофибрадан жасалған жұмсақ майлықтар.
 - Жоғарыда аталған заттектер құрамына кірмейтін, арнайы жуу құралдары, ыдысқа арналған сұйық жуу құралдары.
- Пайдалы кеңестер:**
 - Тәзімді және ескі қатайған дақтарды алдын ала сулап, осыдан кейін құрғақ майлықпен сүрту керек.
 - Майды арнайы құралдың шамалы мөлшері қосылған жылы су көмегімен жууға болады.
 - Жанарғыларды тазарту немесе плита үстелін жуу үшін, жанарғыларды шешуге болады.
 - Ластанған және дымқыл разрядтағыштар жұмыс жасамауы мүмкін. Үстелді және керамикалық

разрядтағыштарды тазарту кезінде абай болыңыз. Сынған разрядтағыш жөнделмейді, оны ауыстыру керек.

■ Духовканы пайдаланғаннан кейін оны жуу құралы қосылған жылы сумен жуып, таза болғанша сүртіп, кептіру керек. Май тазалауға арналған арнайы аэрозольді құралды пайдалануға болады.

■ Қыздыру шкафын ол жылы болғанда жуу айтарлықтай жеңілірек. Жабысқан дақтарды дымқыл шүберекпен сулап, тазартқыш құрал көмегімен тазалау керек.

13.2. ЭМАЛЬ ЖАБИНЫ БАР БӨЛШЕКТЕРГЕ ЖӘНЕ СЫРЛАНҒАН БӨЛШЕКТЕРГЕ КҮТІМ ЖАСАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

■ Плита үстелі, басқару панелі және қыздыру шкафының ішкі беті силикаттық эмаль жабынымен қапталған. Қалған түр бөлшектері сырмен қапталған.

■ Тазартқыш құралдарды пайдалану алдында жабын төзімділігін жасырын жерде шағын бөлікте тексеру керек.

■ Эмаль жабынымен қапталған бөлшектерді тазарту кезінде сырланған беттерге арналған құралдың сырмен қапталған бөлшектерге түспейтіндігін қадағалаңыз.


■ Сырланған беттердің тазартқыш құралдарға қатысты төзімділігі, эмаль жабындарына қарағанда, төменірек, сондықтан жабынның қайтарымсыз зардаптармен зақымдалуының алдын алу үшін, сырланған беттерді жуу үшін құрамына еріткіштер, абразивті материалдар және сілтілер >5% қосылған жуу және тазарту құралдарын пайдаланбаңыз. Тазартуды аяқтар кезде бетті таза сумен жуып, жұмсақ матамен немесе арнайы майлықпен құрғатып сүртіңіз.

■ Тазартуды жеңілдету үшін Сіз қыздыру шкафының есігін алып тастай аласыз.

13.3. ҚЫЗДЫРУ ШКАФЫНЫҢ ЕСІГІН КҮТІМІ

13.3.1. Қыздыру шкафының есігін шешу үшін көлесі әрекеттерді жасау керек:

1. Есікті көлденең жайғасымға ашыңыз. Есік тіреуіштерінде сол және оң жақта қарастырылған ойықтарға есіктің екі тіреуішін енгізіңіз (6 сур.);
2. Күш түсірмей, тіреуіштер топсаларды бекітпегенше, есікті тірелгенше жабыңыз (7 сур.);
3. Есікті жабу керек (8 сур.);
4. Есікті бүйір жағынан ұстап, топсалардың төменгі біліктерін босату үшін өзіңізге және жоғары қарай тартыңыз;
5. Плита тіреуіштеріндегі ойықтардан топсалардың іліністерін босату үшін есікті түсіріңіз.
6. Есікті шешіңіз.



! **ЕСКЕРТУ!** Есіктер алынған кезде жұмыстарды жүргізу кезінде ешбір жағдайда есік тіреуіштерін шешуге болмайды, себебі бұл топсалар шетмойындарының кенет серпілісін тудырады, бұл жарақатқа алып келуі мүмкін. Қыздыру шкафын жуған кезде, абай болыңыз – резеңке тығыздағышты зақымдап алмаңыз.
! Қыздыру шкафы есігінің шынысын тазарту үшін қатты абразивті тазартқыштарды немесе қатты металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар бетті сырып кетуі мүмкін, ол нәтижесінде сынып кетуі мүмкін.

■ Қыздыру шкафы есігінің шыныларын тазарту бойынша жұмыстар жүргізу үшін Сіз қыздыру шкафының есігін бөлшектей аласыз.

13.3.2. Қыздыру шкафының есігін бөлшектеу үшін келесі әрекеттерді жасау керек:

1. Есікті матаға ішкі шынысын жоғары қаратып көлденеңінен орналастырыңыз;
2. Тұтқаны құлап кетуге қарсы ұстап тұрып, есіктің металл профильдерінің 4 бекіту бұрамасын бұрап алу керек;
3. Есікті бөлшектеп, қажетті жұмыстар жүргізіңіз;
4. Есіктің жиналуын кері реттілікте жүргізу керек.

14. ЕГЕР МӘСЕЛЕ ПАЙДА БОЛСА...

Орын алған жағдай	Себебі	Жою әдісі
1. Барлық электрлік жабдықтар жұмыс жасамайды	- плита электр желісіне жалғанбаған; - сым үзілген;	-*плитаны жалғау; -*қоректену сымын ауыстыру.
2. Электрлік темірпеш қызбайды	- электрлік темірпеш зақымдалған; - ауыстырып қосқыш зақымдалған; - өткізгіштер зақымдалған	- * электрлік темірпешті ауыстыру; - * ауыстырып қосқышты ауыстыру; - * өткізгіштерді ауыстыру
3. Қыздыру шкафының қыздырғыштары қызбайды	- электрлік қыздырғыштар зақымдалған; - ауыстырып қосқыштар немесе термореттегіш зақымдалған; - өткізгіштер зақымдалған	- істен шыққан электрлік қыздырғышты ауыстыру; - ауыстырып қосқышты немесе термореттегішті ауыстыру; - өткізгіштерді ауыстыру
* - жұмыстар сервис қызметімен орындалады.		

15. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

■ Плитаны тасымалдау және сақтау зауыттық қаптамада, тік қалыпта, биіктік бойынша үш қабатан аспайтындай жүзеге асырылу керек.

■ Көлік және қоймалар плиталардың атмосфералық жауын-шашынға және механикалық зақымдануларға қарсы қорғанысты қамтамасыз ету керек.

■ Плита табиғи желдетілетін орынжайларда минус 50 °С бастап плюс 40 °С дейінгі ауа температурасында, 75% аспайтын салыстырмалы ылғалдықта, ауада плита материалдарына зиянды әсер тигізетін қышқылды және басқа булар болмаған кезде сақталу керек.

16. КӨДЕГЕ ЖАРАТУ

■ Көлік орамында қолданылатын материалдар экологиялық таза. Ораманың ағаш бөлігі қайта өңделеді, көбіктендірілген полистирол қатты тұрмыстық қатты қалдықтар ретінде жойылады және қоқыспен бірге тұрмыстық қалдықтармен бірге орналастырылады. Қаптаманың барлық қалған бөліктері қолданыстағы экологиялық заңнамаға және қалдықтарды жою ережелеріне сәйкес қайта өңделуге жатады. Қайта өңдеуге оралған орауды үнемдеуге және қалдықтарды қысқартуға әкелетінін есте сақтаңыз.

■ Егер Сіз ескі плитаны ауыстырғыңыз келсе, оны мамандандырылған ұйымға тапсыру керек.

■ Егер плита қоқыс жинайтын жерге жөнелтілсе, оны барынша қауіпсіз қылу үшін қамданыңыз. Осы мақсатта шүмектерді шешіп және духовка есігінің шыныларын жеке кәдеге жаратып, қоректену сымын кесіп, істік қозғалтқышын шешіп, оны істен шығару керек.

17. ЗАУЫТ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«ГАЗПРОМ БЫТОВЫЕ СИСТЕМЫ» АҚ ЧАЙКОВСКИЙ ФИЛИАЛЫ

Ресей, 617762, Пермь өңірі, Чайковский қ., өнеркәсіптік ауданы «Сутозово»,

Пошталық мекен-жайы: Ресей, 617762, Пермь өңірі, Чайковский қ., Советская көш., 45, а/ж 402

Тел. сервис қызметі: (34241) 7-28-88, **тегін жедел желі: 8-800-775-80-78**

E-mail: service@darina.su

Плиталардың жайлылық элементтерімен жабдықталуы оның үлгісіне сәйкес келеді. Плита құрылымы үнемі жетілдіріледі, сондықтан өндіруші өзіне осы нұсқаулыққа өзгерістер енгізусіз құрылымға өзгерістер енгізу құқығын қалдырады.

Т/т №	Плиталардың жайлылық элементтері	Плиталар үлгілері	
		EM521 404	5404
1.	Шойын темірпештер, дана Ø 145 - N=1 кВт	2	2
2.	Қыздыру шкафының қыздырғыштары: Төменгі ТЭҚ - 1,2 кВт Жоғарғы ТЭҚ - 0,8 кВт	+	+
3.	Термореттегіш	+	+
4.	Қыздыру шкафы жұмысы режим ауыстырып қосқышы: 5 - жайғасымды	+	+
5.	Жерге тұйықтау	+	+
6.	Реттелетін тіреуіштер	-	+
7.	Жылжымалы жәшік	-	-

Ескерту:

S EM521 404 плита моделі - негізгі элементтері бар классикалық

5404 плита моделі - негізгі элементтерімен панорамалық

Сіздің плитаның орындалу нұсқасы «Қабылдау туралы куәлік» бөліміндегі кепілдік міндеттемелерінде көрсетілген.

Оснащение плит элементами комфортности соответствует ее модели. Конструкция плиты постоянно совершенствуется, поэтому изготовитель оставляет за собой право изменения конструкции без внесения изменений в данное руководство.

№ п/п	Элементы комфортности плиты	Модели плит	
		EM521 404	5404
1.	Конфорки чугунные, шт. Ø 145 - N=1 кВт	2	2
2.	Нагреватели жарочного шкафа: ТЭН нижний - 1,2 кВт ТЭН верхний - 0,8 кВт	+	+
3.	Терморегулятор	+	+
4.	Переключатель режимов работы жарочного шкафа: 5 - позиционный	+	+
5.	Заземление	+	+
6.	Регулируемые опоры	-	+
7.	Хозяйственный отсек	-	-

Примечание:

Плита модель S EM521 404 - классическая с базовыми элементами

Плита модель 5404 - панорамная с базовыми элементами

Вариант исполнения Вашей плиты указан в гарантийных обязательствах в разделе «Свидетельство о приёмке».